**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «Б» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы**
**ІІІ- апта (18- 22 сәуір 2022 жыл)**

**Бекітемін:**
**Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Аманшеева А.Ж** **Тәрбиеші: Бекмырза Ж.Н**

**Өтпелі тақырып:** «Біз еңбеккор баламыз »

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 18.04** | **Сейсенбі 19.04** | **Сәрсенбі 20.04** | **Бейсенбі 21.04** | **Жұма 22.04** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңе кеңес, әңгімелесу.** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күйімен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығу кешені № 16 | | | | |
| **Ойындар, (үстел үсті, саусақ жаттығулары** | **ә.с № 17 Картотека Сөйлемді жалғастыр** | **т.с № 11 Каротека «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»** | **қ.с № 7 картотека. Ойын: «Сиқырлы айна»** | **ш.с № 15 Картотека** | **ә.с № 11 Картотека Кім жылдам?** |
| **Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ** | **1.Сауат ашу негіздері.** **Тақырыбы:** З дыбысы. **ҰОҚ мақсаты: З** дыбысымен танысады.З дыбысы дауыссыз дыбыс екенін түсінеді. Дыбысты дұрыс айтуға тілдік моторикасын дамыта алады. Дыбыстық талдау жасай біледі. **Педагог жетекшілігімен ойын** **«Тез ойла, сөз ойла»** **Шарты:** З дыбысына байланысты сөз табады,таяқшамен жазады. **Құрылымдалған ойын: «Сиқырлы әріптер»** **Шарты:**Жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата отырып З дыбысын жазады. **Еркін ойын: Пазл құрау.** | **1.Математика негіздері.** **Тақырыбы:** Геометриялық пішіндегі заттар. **ҰОҚ мақсаты:** Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын атай алады. **Педагог жетекшілігімен ойын** «Әжемнің көрпесін аяқтау» **Шарты:**Құрақ көрпедегі жетіспеген пішінді толықтырады. Әрі бүтінді түсіне біледі **Құрылымдалғанойын** «Заттың ұйқасын тап» **Шарты:**Суреттердегі заттарды пішіндермен сәйкестендіре | **1.Сауат ашу негіздері.** **Тақырыбы:** З дыбысы. **ҰОҚ мақсаты: З** дыбысымен танысады.З дыбысы дауыссыз дыбыс екенін түсінеді. Дыбысты дұрыс айтуға тілдік моторикасын дамыта алады. Дыбыстық талдау жасай біледі. **Педагог жетекшілігімен ойын**:«Сиқырлы экран » **Шарты:** Слайд арқылы сөздерді жіктей отырып дыбыстық талдау жасауды түсіндіру, **Құрылымдалған ойын:** «Сөз қалашығы» **Шарты:**Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды **Еркін ойын**: «Дыбыстар достығы» **Шарты:**Аталған сөзді қатыстырып дыбыстық талдау жасайды әңгіме құрастырады. **2.Көркем әдебиет.** **Тақырыбы:** Қол не үшін керек? ҰОҚ мақсаты: Әңгімені | **1.Құрастыру.** **Тақырыбы:** Төбешіктер. **ҰОҚ мақсаты:** Құрастырғыш құралдарды қолдана отырып төбешіктерді құрастырады. **Педагог жетекшілігімен ойын:** Педагог балаларға өздері аулада көрген сырғанақтар жайында әңгімелеп беруді ұсынады. Өздері қалай сырғанайтындарын сұрайды. Енді біз топта өзіміз осындай сырғанақтарға ұқсас «биік төбешіктер» жасап көрейік деп өтініш білдіреді. Бұл – біздің ауладағы сырғанақ, ал енді осыған ұқсас мәшинелер жүріп өте алатын төбешіктерді құрастырып көрейік Әр балаға құрылыс материалдарының жиынтықтары беріледі. Биік төбешіктерді құрастыру үлгісі ұсынылады. **Құрылымдалған ойын «Төбешіктердің құрылысы» Шарты:** сұрақтар қою арқылы түсіндіреді: тірегі, сырғанайтын бөлігі, шығатын басқыштары т.б. мұнда ең негізгі бөлігі қайсысы? қандай бөліктерден бастап құрастыруға | **1.Өзін-өзі тану.** **Тақырыбы:** Түсіну мен кешіруді үйренеміз. **ҰОҚ мақсаты:** Кешірім, түсіну сөздерінің мағынасын біліп және балалар жақсы қасиеттерді өз-ара қолдана алады, түсіністік танытып, кешірімді бола біледі. **Педагогтың жетекшілігімен ойын** «Таңғажайып әңгіме» **Шарты:**Сурет желісі бойынша әңгіме құрастыру,әңгімедегі ғажайып сөздерді үнемі айтып жүру керек екенін түсіндіру. **Құрылымдалған ойын:**«Досыңды кешір» **Шарты:**Көңіл күйіміз жақсы болу үшін, бізге бір бірімізді түсінуді және кешіруді үйрену керек.. **Еркін ойын:**«Ғажайып сөздер» **Шарты:**Бір біріне үнемі жақсы сөз айтуға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **құрау.**<br>**Шарты:**Суреттерден пазл құрастыру.<br>**2.Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы: Орман.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Қылқанжапырақты ағаштар мен қарағай ормандарын мекендейтін жануарлар арасындағы байланыстар туралы түсінік қалыптасады. Жануарлар мен өсімдіктерге қамқорлықпен қарайды.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын**<br>Жұмбақ<br>Қалқиып ұзын құлағы,<br>Елеңдеп қорқын тұрады.<br>(Қоян)<br>Өзі қу, қызғылт сары тү сті,<br>Құйрығы үлпілдек жүнді.<br>(Түлкі )<br>Орманнан, жалпақ далад ан<br>Бал іздеп бір аң жортады.<br>Кіп-кішкене арадан<br>Үп-үлкен боп қорқады.<br>(Аю)<br>**Құрылымдалған ойын:** «Сипатта»<br>Шарты:аңдардың суретте рін тақтаға іледі. Сипаттайды.<br>**Еркін ойын**:<br>«Жапырағынан таны»<br>**Шарты:** Ағаш жапырақтарынан қандай ағаш екендігін ажыратады.<br><br>**3.Денешынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Бір, екі, үш, балалар алды күш! | отырыпбүтінді біледі (бөліктен бүтін үлкен, ал бөлік бүтіннен кіші);<br>**Еркін ойын**<br>«Пішіндерден құрастыр»<br>**Шарты:**пішіндерден әр түрлі заттар құрастыру.<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** Күшік пен мысық.<br>ҰОҚ мақсаты: Ертегіні оқып түсінік береді. Сөздік қорларын дамыта алады, ойларын есте сақтау қабілеттерін жетілдіре алады.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын**<br>«Күшік пен марғау қонаққа келді».<br>**Шарты:**Ойыншық күшік пен марғау қонаққа келгенін неліктен оларды үй жануарлары деп атайтынын айтып түсіндіру бейнелерін көрсету арқылы басты кейіпкерлерді геометриялық пішіндерден композиция құрастыратынын айту.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Менің төрт аяқты достарым»<br>**Мақсаты:** Ойлауы бойынша жапсыру дағдыларын біледі, сюжетті композицияны қажетті бөліктерімен толықтырады, қиып жапсырады.<br>**Еркін ойын:**<br>«Ат қою»<br>**Шарты:**Өзіңнің төрт аяқты досыңды қалай атайсың. | ҰОҚ мақсаты: Әңгімені мәнерлеп түсінікті етіп оқып бере отырып әлемдегі еңбектер мен жақсылықтардың бәрі де адамдар қолымен жасалатының ұғындыра алады. Сұрақ-жауап арқылы балалардың ойын толық айта біліуіне баса назар аудара алады. Балаларды еңбек етуге тәрбиелейді.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын : «Сен білесің бе?»**<br>**Шарты**: сұрақтар қою арқылы тақырыпты ашады.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Жақсы мен жаман»<br>Шарты: сурет арқылы Жақсы мен жаман әдеттерді ажыратады.<br>Еркін ойын: Адам еңбегі<br>шарты: Балаларды адамдардың қол еңбегімен таныстыру.<br><br>**3.Орыс тілі.**<br>**Тақырыбы**: Моя малая Родина.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Познакомить с новыми словами, расширять представления о своем родном городе; закреплять умение правильно произносить звуки русского языка, развивать умение правильно<br>строить предложения, внимание, память; воспитывать любовь к родному краю.<br>Здравствуй, солнце золотое!<br>Здравствуй, небо голубое!<br>Здравствуй, вольный ветерок!<br>Здравствуй, маленький дубок!<br>Мы живем в одном краю,<br>всех я вас приветствую!<br>Настроение у всех прекрасное?<br>**Беседа.**<br>как называется республика, в которой мы живем?<br>какие города есть в казахстане? | болады?<br>төбешіктердің биіктігі қандай бөліктеріне байланысты?<br>кірпіштер мен текшелерді қалай орналастыруға болады? Төбешікті құрастырудың ретін айтуды ұсынады. Ең бірінші неден бастаймыз, содан кейін? Тағы сол сияқты қай бөліктерін қоюға болады?<br>Еркін ойын: «Төбешікті құрастыру» **Шарты**: балалар өздігінен дербес әрекет ете отырып, «төбешікті» құрастыруға кіріседі.<br><br>**2.Денешынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Қазақстан Республикасы халықтарының ойындары.<br>ҰОҚ мақсаты: Гимнастикалық орындық үстінен аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуларын дұрыс жасай алады. Оң және сол қолымен нысанаға дәл лақтыруға жаттықтыра алады. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыра алады.<br>**Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу.**<br>Гимнастикалық қабырға бойымен алма-кезек қадаммен төмен түсу. Қимылды үйлестіруге және тақтайшаны дұрыс ұстауға көңіл бөлі-неді – төрт саусақ тақтайша қырының үстінде, бас бармақ астында болады. Қауіпсіздік техникасы ескеріледі. Сақтық шаралары қолданылады.<br>**«Орын алмастыр» ойыны**<br>Зал ортасына арқан тасталып, залды қақ бөледі.<br>Топтардың әрқайсысы алаңның өзіне тиесілі бөлігіне барып тұрады. «Жүгір!» деп белгі берілгенде, топтар орын алмастырады.<br>Қарсы бетке толық құраммен бірінші жүгіріп келген топ жеңіске жетеді.<br>**«қазақша күрес» сайысы**<br>Гимнастикалық орындықта ішпен еңбектеу.<br>Нұсқау – қозғалыстарды біртіндеп ретімен орындау, бойды еркін тік жазып, қолды бүге орындық жақтауларынан ұстау, бас бармақ орындық жақтауының үстіңгі жағында, қалған саусақтар төменгі жағында болады.<br><br>**3.Жапсыру.** | жақсы сөз айтуға, ренжітпеуге үйрену.<br><br>**2.Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Домбыра сазы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** қазақ халқының қасиетті аспабы домбыраны қастерлей біледі, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылады.<br>Домбыра – қазақ халқының арасында өте ерте заманда кең тараған, ғасырлар сырын сақтаған, қос ішекті шертіп ойнайтын аспаптың бірі.<br>Домбыра әртүрлі үлгіде ағаштан ойылып жасалады. Дауысы майда қоңыр, құлаққа жағымды.<br>**Музыка тыңдау:**<br>**«Келіншек»** (халық күйі).<br>Күйді белгілі бір композитор шығарып, бір-бірінен естіген күйінде үйреніп, кейін шығарған адам ұмытылып қалған. Осыдан халық күйі болып аталған. «Келіншек» күйі жаңадан түскен жас келінге арналып шығарылған, жас келіннің жүріс-тұрысы, ширақ қимылы суреттелген.<br>**Ән үйрену: «Домбыра сазы»** (И.Нүсіпбаев, Х.Талғаров)<br>Ибрагим Нүсіпбаев балаларға арнап көптеген әндер жазған қазақ композиторы (суретін көрсетемін). «Айналайын ақ мамам», «Кір қуыршақ», «Біз туған күніміз», «Ойыншықтар», «Қыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ҰОҚ мақсаты:**<br>Үздіксіз жүру, секіру жаттығуларымен таныстыра отырып, дене қимылдарын дұрыс жасауға бейімделе алады.<br>***«Қарлығаштар мен қырандар»* қимыл ойыны:**<br>Балалар қалауына қарай «Қарлығаштар» және «Қырандар» болып екі топқа бірігеді. Ойынға қатысушылар зал ортасында бір-біріне арқамен теріс қарап тұрады. Белгі берілгенде, «Қырандар» «қарлығаштарды» ұстайды және керісінше. Балалар саны артқан топ жеңеді.<br>**«Балапандар» қимыл ойыны**<br>Балалар бір-бірінің артына тізбекке тұрып, бір-бірінің иығына қолдарын қояды да, жүргізушінің соңынан ереді. «Қара құс» деп белгі берілгенде ойын жүргізуші балапандарын өздеріне шүйліккен құстан қорғауға тырысады. Балалар тізбекпен жүргізушінің артынан бағытты өзгерте отырып түрлі бағытта қозғалады.<br><br>**4.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:** Кесе.<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Мүсіндеудің созу, тегістеу, сылау сияқты | <br>**3.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** Көрікті көктем. (акварель бояуы).<br>ҰОҚ мақсаты: Көктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру, көргендерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландырады, ептіліктерін дамыта, бояу түстерін таңдап , алмастырып қолдануға үйрене алады.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>**«Суреттер Шарты:**Сурет бойынша көктем мезгілінің ерекшеліктерін қажетті сөздерді дұрыс қолдануды қалыптастыра отырып оларды сөйлегенде белсенді қолдана біледі..<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Көктем өрнектері»<br>**Шарты:**Қима қағаздардан көктем мезгілінің суретін құрастыра отырып. қажетті сөздерді сөйлегенде белсенді қолдана біледі.<br>**Еркін .ойын** «Көрікті көктем»<br>**Мақсаты:**:көктем мезгілінің суреттерін салады.<br><br>**4.В/К Ұлттық ойындар**<br>Зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар<br>**Мақсаты:** Зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар туралы түсінік беру. | кроме городов, у нас в казахстане есть много сел (аулов),<br>где живут люди, это тоже наша родина.<br>**К. и : Чем занимаются люди на селе (ауле)?**<br>**Педагог говорит** о том, что в селе, как и в городе,<br>есть школы, детские сады.<br>Назовите, люди каких профессий трудятся на селе. *(от -веты детей)*<br>родина – это отец твой и мать,<br>родина – друг и ровесник под стать,<br>родина – это твой край и столица,<br>родина – это аул и станица.<br><br><br>**4.Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Домбыра сазы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Домбыра сазы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қазақ халқының қасиетті аспабы домбыраны қастерлей біледі, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылады.<br>Домбыра – қазақ халқының арасында өте ерте заманда кең тараған, ғасырлар сырын сақтаған, қос ішекті шертіп ойнайтын аспаптың бірі.<br>Домбыра әртүрлі үлгіде ағаштан ойылып жасалады. Дауысы майда қоңыр, құлаққа жағымды.<br>**Музыка тыңдау: «Келіншек»** (халық күйі).<br>Күйді белгілі бір композитор шығарып, бір-бірінен естіген күйінде үйреніп, кейін шығарған адам ұмытылып қалған. Осыдан халық күйі болып аталған.<br>«Келіншек» күйі жаңадан түскен жас келінге арналып шығарылған, жас келіннің жүріс- | **Тақырыбы:** Жайылып жүрген балапандар.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Бүктеу әдісі арқылы бірнеше кескінді бірден қию әдісін меңгереді.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын :**<br>**«Сұрақ-жауап»**<br>– Балалар, мынау не?<br>– Олар қалай дыбыстайды?<br>– Олардың түрі қандай?<br>«Ғажайып себет» ойыны.<br>Педагог балалардың назарын беті жабық тұрған себетке аударады.<br>– Балалар, қараңдаршы, қандай әдемі себет. Ішінде не бар екенін жақындап көрейік.<br>Көңілді әуен ойнап тұрады. – Мынау не, балалар ?<br>– Ненің балапаны?<br>– Балапан қандай екен?<br>– Балалар, сондықтан біз оларға қамқорлық көрсетуіміз керек.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Ненің балапаны»<br>**шарты**: балапандарды ажыратып, қандай құстаң балапаны екенін айтады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Педагог өз қалауынша сергіту жаттығуларын жасатады: балапандардың<br>жүргенін, су ішкенін, қанаттарын сермеп жүгіргендерін.<br>**Еркін ойын**: «Балапан»<br>**шарты**: балапандарды үлгі бойынша жапсырады.<br>– денесін;– басын;<br>– аяғын;– құйрығын; – көзін.<br>Жұмыс жасау барысында көмек қажет балаларға педагог көңіл бөледі.<br>– Ал, енді жайылып жүрген балапандар нешеу екенін санап жіберейік.<br><br>**4.В/К Ойламыз, ойнамыз**<br>**Тақырыбы: Тез есепте**<br>**Мақсаты:** сандар 0ден 10ға дейінгі сандар қатарын дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>**«Суретті сәйкестендір»**<br>**Шарты:**Суреттерді сәйкестендіре отырып жануарлардың , құстардың дыбысын, | қызығы» әндерін жазған.<br>Әнді орындап беремін.<br>Балалардың ән туралы түсінігін сұраймын. Әннің мәтінін қайталап, әуенімен қосылып үйренеді.<br>**Ойын: «Соқыртеке»**<br>(Е.Хасанғалиев, А.Асылбек).<br>Бұл ойынның мәтіні де, әуені де басқалау. Бір баланың көзін байлап, ол басқа балаларды әндетіп жүріп іздейді.<br>**Би: «Апатайым-ай»**<br>(«Билеп үйренейік»).<br>Би өте көңілді, жеңіл, аналарға арнап қыздар билейді.<br><br>**3.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Тіл.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Тіл дәм сезу мүшесіне жататыны туралы түсінік алады. ауыз қуысын тамақ ішкен кезден кейін тазалауды біледі.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын: :**«Пайдалы кеңестер»<br>**Шарты**:<br>Ауырған кезде қандай тазалық ережелерін сақтау керек екенін айтып, әңгімелесу<br>**Құрлымдалған ойын:**<br>«Пайдалы кеңестер мен жағымсыз әдеттер» **Шарты**: Топқа бөліну.<br>1- топ пайдалы кеңестер туралы суреттер топтамасымен жұмыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | техникалық әдістерін қолданады, түстерді қабылдай білуге, ермексазды дұрыс қодануға үйренеді.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>**«Тапқырлар»**<br>**Миға шабуыл**<br>Жұмбақтың шешуін табады, ұлттық ыдыстарды<br>**«Суреттер сөйлейді»**<br>**Шарты:**«Әткеншек» әдісі бойынша көне ыдыстар мен ұлттық ыдыстарды ажыратады. Слайд арқылы ұлттық ыдыстарды таныстыру.<br>**Еркін ойын: Кесе**<br>**шарты:** мүсіндейді. | Ойлау,жылдамдық,ептілік қабілетін жетілдіру.Ақыл-ой жетілдіріп,ми қызметін дамыту.<br><br>**Педагог жетекшілігімен ойын: «Жауабын тап»**<br>Үтікке міндім,<br>Теңізде жүздім.<br>(Қайық.)<br>Ақ шатырлы бір қала,<br>Суда жүзіп жүр дара.<br>(Кеме.)<br>**Құрылымдалған ойын: «Қандай көлік құралы»**<br>**Шарты**:Тақтаға әртүрлі су көліктерінің суреті ілінеді (қайық, кеме, катер). Қайық,<br>кеме, катер суда жүретін көліктер. Олармен жолаушыларды, жүкті тасиды.<br>– Балалар, суреттен нені көріп тұрсыңдар?<br>Еркін ойын: Қайық.<br>Шарты: Қайық бөліктерін құрастырады. | тұрысы, ширақ қимылы суреттелген.<br>**Ән үйрену: «Домбыра сазы»**<br>(И.Нүсіпбаев, Х.Талғаров)<br>Ибрагим Нүсіпбаев балаларға арнап көптеген әндер жазған қазақ композиторы (суретін көрсетемін). «Айналайын ақ мамам», «Кір қуыршақ», «Біз туған күніміз», «Ойыншықтар», «Қыс қызығы» әндерін жазған. Әнді орындап беремін. Балалардың ән туралы түсінігін сұраймын. Әннің мәтінін қайталап, әуенімен қосылып үйренеді.<br>**Ойын: «Соқыртеке»**<br>(Е.Хасанғалиев, А.Асылбек). Бұл ойынның мәтіні де, әуені де басқалау. Бір баланың көзін байлап, ол басқа балаларды әндетіп жүріп іздейді.<br>**Би: «Апатайым-ай»** («Билеп үйренейік»).<br>Би өте көңілді, жеңіл, аналарға арнап қыздар билейді. | қимылдарын сала біледі.<br>**Құрылымдалған ойын: «Адасқан төлдер»**<br>**Шарты:** төрт түліктің төлдерін табады, сызық арқылы қосады.<br>**Еркін ойын: «Ажырата біл»**<br>**шарты:** үй құстары мен дала құстарын ажыратады. | 2- топ жағымсыз әдеттер суреттер топтамасымен жұмыс.<br>3-топ жұқпалы аурулардың алдын алу.суреттер топтамасымен жұмыс.<br>**Еркін ойын:**«Қуыршақты емдеу»<br><br>**4.В/К Логика әлемі**<br>**Тақырыбы:** 10 саны мен цифры. 10 санымен және цифрымен таныстыру.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қосу және азайтуды суретімен сәйкестендіре білуге үйренеді.<br>**П.ж.ойын: «**Осы пішіндегі затты тап»<br>**Шарты:**қоршаған ортадан таныс геометриялық денелерді табу дағдысын түсіндіру<br>**Құрылымдалған ойын: «Ғажайып тапсырмалар»**<br>**Шарты:**Қарапайым мысалдар мен есептерді шеше білу дағдыларын біледі.<br>**Еркін ойын:** «Күрделі тапсырма»<br>**Шарты:**мысалдар мен есептерді шеше біледі |
| **Серуен, бақылау** | **Серуен № 5**<br>**Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау**<br>**Мақсаты**: бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау. | **Серуен № 6**<br>**Тастарды бақылау**<br>**Мақсаты**: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру. | **Серуен № 7**<br>**Бұлттарды бақылау**<br>**Мақсаты**: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру. | **Серуен № 8**<br>**Желді бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>- жел туралы түсініктерін бекіту;<br>- жел түрлерін есте сақтау. | **Серуен№ 9**<br>**Сутоғанды бақылау**<br>**Мақсаты**: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау. |
| **Баланың даму картасы** | жануарлардың мүсінін жасаудың әртүрлі тәсілдерін пайдалана | отбасында ересектер мен өзінен кішілерге сыйластық және | ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына мазмұндық | табиғаттағы маусымдық өзгерістердің қарапайым байланыстарын орнату. | кейбір мамандықтардың маңызын, атауларын білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білу. | қамқорлық қарым-қатынас танытуға тәрбиелеу. | композициялар құрастыра білуге үйрету. | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Сандарды тура және кері санату.Ертегіні айтқызу. | Буынға бөліп оқыту,дыбыстық талдау жасау. | ересектер мен жақындарына мейірімділік, сыйластықты білдірте алуды үйрету. | отбасы мүшелеріне өзінің жақсы көру сезімдерін білдіре білуді үйрету. | таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналату. |